

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының білім алушыларын мүлікпен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 22 тамыздағы № 100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 қыркүйекте № 17340 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына және "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы Заңының 37-бабының б) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының білім алушыларын мүлікпен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін, оның Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

К. Кожамжаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2018 жылғы 08 августа

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының білім алушыларын мүлікпен қамтамасыз етудің заттай нормалары

1-кесте. Жиһазбен қамтамасыз етудің заттай нормалары

р/с №	Жиһаз және шаруашылық құрал-жабдықтың атауы	Өлшем бірлігі	Норма бойынша тиесілі сан (бірлік)	Қызмет ету мерзімі (жыл)	Қолдану аймағы
Жатын бөлме					
1	Матрасы бар бір сатылы ағаш кереует	дана	1	7	білім алушыға
2	Орындық	дана	1	7	білім алушыға
3	Стол	дана	2	7	бөлмеге
4	Кереует тумбасы	дана	1	7	білім алушыға
5	Аралас шкаф	дана	1	7	бөлмеге
6	Перде және/немесе жалюзи	жиынтық	1	7	бөлменің әрбір терезесіне
Жуынатын бөлме					
7	Жуынатын бөлмеге арналған ағаш сәкі	дана	1	7	бөлмеге
8	Жуынатын бөлмеге арналған кілемше	дана	1	5	бөлмеге
Ортақ ас бөлме					
9	Тамақтанатын стол	дана	5	7	ас бөлмеге
10	Орындық	дана	20	7	ас бөлмеге
11	Асүй жиһазы	жиынтық	1	7	ас бөлмеге
Демалатын бөлме					
12	Демалыс жиһазы	дана	1	7	бөлмеге
13	Кілем	дана	1	7	бөлмеге
14	Теледидарға арналған тумба	дана	1	7	бөлмеге
Білім алушыларға оқу дәрісханасына арналған жиһаз					
15	Жазу столы	дана	1	7	білім алушыға
16	Орындық	дана	1	7	білім алушыға
17	Құжаттарға арналған шкаф	дана	1	7	дәрісханаға
18	Мінбе	дана	1	7	дәрісханаға

2-кесте. Тұрмыстық техникамен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етудің заттай нормалары

р/с №	Тұрмыстық техника атауы	Өлшем бірлігі	Норма бойынша тиесілі сан (бірлік)	Қызмет ету мерзімі (жыл)	Қолдану аймағы
Тұрмыстық бөлме					

1	Үтік	дана	1	7	бөлмеге
2	Үтіктеу тақтасы	дана	1	7	бөлмеге
3	Кір жуу машинасы	дана	1	7	бөлмеге
4	Кір кептіргіш	дана	1	7	бөлмеге
Ортақ ас бөлме					
5	Қысқа толқынды пеш	дана	1	7	бөлмеге
6	Тоназытқыш	дана	1	7	бөлмеге
7	Электр плитасы	дана	1	7	бөлмеге
8	Сүзінді	дана	1	7	бөлмеге
Демалыс бөлмесі					
9	Теледидар	дана	1	7	бөлмеге

3-кесте. Төсек тыстары мен төсек жабдықтарымен қамтамасыз етудің заттай нормалары

№	Төсек тысы мен төсек жабдығының атауы	Өлшем бірлігі	Норма бойынша тиесілі саны (бірлік)	Қызмет мерзімі (жыл)	Қолдану аймағы
Төсек жабдығы					
1	Жастық	дана	1	4	білім алушыға
2	Көрпе	дана	1	4	білім алушыға
3	Жамылғыс	дана	1	4	білім алушыға
4	Төсек жиынтығы (жастық тысы, сейсеп, төсек жайма)	жиынтық	2	1	білім алушыға

4-кесте. Шаруашылық тауарлармен, жуатын және тазартқыш құралдармен қамтамасыз етудің заттай нормалары

№	Заттардың атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жайдың бір тазалаушы-сына арналған норма бойынша тиесілі саны (бірлік)	Қызмет ету мерзімі
1	Кір жуғыш ұнтақ	гр.	450	бір айға
2	Шаруашылық сабын	гр.	200	бір айға
3	Иіс сабын	гр.	90	бір айға
4	Сұйық сабын	л.	2	бір айға
5	Ауа сергітуші	мл.	300	бір айға
6	Жиһазды себегішпен жалтырататын зат	мл.	500	бір айға
7	Унитаз жуатын құрал	мл.	750	бір айға
8	Құбырларды тазартуға арналған құрал	мл.	500	бір айға
9	Ағартқыш құрал	л.	1	бір айға
10	Кілем бұйымдарын жууға арналған құрал	мл.	500	бір айға

11	Шыны және айна беттерін тазалауға арналған құрал	мл.	500	бір айға
12	Раковина, ваннаға арналған тазартқыш құралы (кұрғақ ұнтақ)	гр.	400	бір айға
13	Қоқысқа арналған қап (10 кг).	рулон	6	бір айға
14	Қоқысқа арналған қап (25 кг).	рулон	3	бір айға
15	Шүберек	м.	5	бір айға
16	Шаруашылық қолғап	жұп	4	бір айға
17	Дәретхана қағазы	рулон	10	бір айға
18	Қылшақ пен қалақ	жиынтық	1	б і р тоқсанға
19	Саптамасы бар швабра	жиынтық	1	б і р тоқсанға
20	Шаң тазалағыш шүберектер	дана	1	бір айға

Ескерту:

гр. - грамм

л - литр

мл - миллилитр

м - метр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК